Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

**2020 жылғы 18 қыркүйек**

**Таратылатын Tengri Bank салымшылары үшін**

Tengri Bank-тің банктік және өзге операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айырылуына байланысты ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттер, төлем карточкаларындағы және банктік шоттардағы ақша Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының (бұдан әрі – ҚДКҚ) кепілдігімен қорғалатынын салымшылар - жеке тұлғалардың есіне салады.

**Өтемақы ұлттық валютада төленетін болады және оның сомасы:**

- теңгедегі жинақ салымдары (депозиттер) бойынша 15 млн теңгеден;
- ұлттық валютадағы өзге депозиттер бойынша 10 млн теңгеден;
- шетел валютасындағы депозиттер бойынша 5 млн теңгеден аспауға тиіс.

Салымшыда түрі мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше кепілдік берілген депозиттер болған жағдайда, олар бойынша 15 млн теңгеге дейін жиынтық кепілдік берілген өтемақы төленеді.

Салымшының шетел валютасындағы депозиттері бойынша ҚДКҚ банкті лицензиядан айыру күніндегі нарықтық бағам бойынша өтемақы төлейді. Депозиттер бойынша кепілдік берілетін өтемақы сомасынан асатын қалдықты банктің тарату комиссиясы өтейтін болады, ол таратылатын банктің кредиторлары тізілімінің талаптарын қанағаттандыру кезектілігіне сәйкес мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезден бастап тағайындалады.

**ҚДКҚ қаражатынан өтеуге төмендегі банк клиенттерінің құқығы бар:**

- жеке тұлғалар;
- дара кәсіпкерлер.

Төлемдер банк лицензиясынан айырылған күнге негізгі борыш пен банк есептеген сыйақы сомасы шегінде жүзеге асырылатын болады.

Банк салымшылары-жеке тұлғалардың 99%-ының депозиттеріне ҚДКҚ-ның кепілдігі толық көлемде беріледі.

Агенттік Төрағасының 2020 жылғы 17 қыркүйектегі бұйрығымен уақытша әкімшілік тағайындалды, оған банктің барлық басқару органдарының өкілеттіктері өтті. Уақытша әкімшілік өз қызметін уәкілетті орган банктің тарату комиссиясын тағайындағанға дейін жүзеге асырады. Уақытша әкімшіліктің құрамына Агенттіктің және ҚДКҚ-ның өкілдері кірді. Уақытша әкімшілік банк мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, активтерді анықтау, банктің активтеріне, міндеттемелеріне және құжаттарына түгендеу жүргізу үшін тағайындалды. Уақытша әкімшілік өз қызметінің кезеңінде активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде басқа банкке беру мүмкіндігін бағалайды.

Банкті күтіп-ұстауға арналған шығыс операцияларын, банкке түскен ақшаны есепке алуды, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңнамалық шектеулерге байланысты клиенттердің және банктің өзінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларына (оның ішінде ағымдағы және депозиттік шоттар бойынша кассалық және аударым операцияларына) тыйым салынды. Уақытша әкімшілік сонымен қатар бұрын берілген кредиттер бойынша қарыз алушылардың ақшаны қайтаруын бақылайды. Қарыз алушы кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау кезінде уақытша әкімшілік жазбаша өтініш бойынша кепіл берушіге қарыз бойынша қамтамасыз ету ретінде болатын мүлікті (ақшаны қоспағанда) қайтару мәселесін қарайды.

Тараптардың келісімі бойынша банктің қаржылық жағдайын нашарлатпайтын өзгерістер енгізуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына сәйкес банкпен бұрын жасасқан шарттардың талаптарын өзгертуге тыйым салынады.

Заңда белгіленген барлық рәсімдер жүргізілгеннен кейін Tengri Bank-тің клиенттеріне өтемақы төлеу басқа банктерде ашылған банктік шоттарға есептеу жолымен немесе агент-банк арқылы қолма-қол ақшаны алу жолымен 2020 жылғы қазанның бірінші жартысында басталады деп күтіледі.

**Туындаған барлық мәселе бойынша Tengri Bank-тің**
**уақытша әкімшілігіне мына телефон бойынша жүгінуге болады:**
**+7 (727) 244-34-34; 3434**

**БАҚ өкілдері толық ақпаратты мына телефон арқылы алуларына болады:**
**+7 (727) 2 788 104, ішкі 5602**
**e-mail: PRESS@finreg.kz**
**www.finreg.kz**